

**Отандық, өңірлік және жаһандық нарықтардың қажеттіліктеріне бағытталған зерттеулерді жүргізудің, орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада республикада дамытылуы мүмкін тауарлар мен қызметтер өндірісін айқындаудың 2007 - 2008 жылдарға арналған жоспары туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 мамырдағы N 487 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Отандық, өңірлік және жаһандық нарықтардың қажеттіліктеріне бағытталған зерттеулерді жүргізудің, орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада республикада дамытылуы мүмкін тауарлар мен қызметтер өндірісін айқындаудың 2007 - 2008 жылдарға арналған жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдар:

Жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;  
2007 жылдан бастап жыл сайын 25 қарашадан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне Жоспардың орындалу барысы туралы есепті ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі 2007 жылдан бастап жыл сайын 15 желтоқсанның кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық есепті ұсынсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2006 жылғы 31 мамырдағы  
N 487 қаулысымен

бекітілген

**Отандық, өңірлік және жаһандық нарықтардың қажеттіліктеріне бағытталған зерттеулер жүргізудің, орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада республикада дамытылуы мүмкін тауарлар мен қызметтер өндірісін айқындаудың 2007-2008 жылдарға арналған жоспары**

Р/с N №	Зерттеудің атауы	Зерттеудің міндеттері	Өткізу мерзі- мі	Аяқталу нысаны	Жауап- ты орын- даушы- лар	Қаржы- ландыру көзі
1	2	3	4	5	6	7

1. Көлік

1.1	<p>Орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанның өңірлері бойынша автокөлік қызметтері нарығындағы тасымалдарға қажеттіліктерді зерттеу және автотасымалдарға қажеттіліктерді қанағаттандыру жөніндегі іс-шаралардың негізгі бағыттары бойынша ұсынымдар әзірлеу</p>	<p>Қазақстанның автокөлік қызметтері нарығының жай-күйін талдау және автокөлікті дамыту үрдістерін анықтау; жүк және жолаушылар ағынын анықтау; Қазақстан Республикасының аумақтарын өңірлік дамыту саясатын ескере отырып, жылжымалы автокөлік құрамының құрылымын жетілдіру және жаңарту жөнінде ұсынымдар әзірлеу</p>	2007-2008 жылдар	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ҚР ККМ	Республикалық бюджет *
1.2	<p>Тасымалдау үдерісін қауіпсіз басқаруды қамтамасыз ету саласында ғарыштық технологияларды пайдалануды талдау</p>	<p>Темір жол көлігі саласында ғарыштық технологияларды пайдаланудың әлемдік тәжірибесін зерделеу. Тасымалдау үдерісін қауіпсіз басқару үдерістерін және темір жол көлігі саласында ғарыштық технологияларды енгізу шарттарын талдау. Тасымалдау үдерісін қауіпсіз басқаруды қамтамасыз ету саласында оңтайлы ғарыштық технологияларды айқындау</p>	2008 жыл	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ҚР ККМ	Республикалық бюджет *
	Қазақстанның темір жолдары	Темір жол көлігі саласында ғарыштық технологияны пайдаланудың				

1.3	инфрақұрылымының объектілері жай-күйінің параметрлерін айқындау үшін әуе-немесе ғарыштық байқауды қолдануды зерттеу	әлемдік тәжірибесін зерделеу. Темір жол инфрақұрылымы мен жылжымалы құрамның жай-күйін әуе-немесе ғарыштық қадағалаудың Қазақстан Республикасы үшін барынша қолайлы жүйесін айқындау	2008 жыл	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ҚР ККМ	Республикалық бюджет *
1.4	Темір жол көлігімен мұнай құйылған жүктерді тасымалдау перспективаларын зерттеу	Темір жол көлігімен мұнай құйылған жүктердің жүк ағынының ағымдағы жай-күйін талдау. Ішкі және экспорттық бағыттарда мұнай құйылған жүктердің логистикалық үдерісі проблемаларын анықтау. Қазақстанның аумағы бойынша мұнай өнімдерін жеткізудің экспорттық жолдарын оңтайландыру	2007 жыл	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ҚР ККМ	Республикалық бюджет *
1.5	Қазақстан Республикасының темір жолдарында жолаушылар поездарының жүрдек қозғалысын дамыту перспективаларын зерттеу	Жолаушылар тасымалы қозғалысын, тасымал үдерісін оңтайландыру жолдарын талдау және жедел жолаушылар бағыттарын енгізуді теориялық негіздеу	2007 жыл	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ҚР ККМ	Республикалық бюджет *
		Мультимодальдық тасымалдардың жұмыс істеу қағидаттары мен шарттарын сипаттау. Қазақстан Республикасында мультимодальдық тасымалдарды дамыту және даму перспективала-				

1.6	Мультимодальдық тасымалдар желісін құру/дамыту перспективалары	рының деңгейін айқындау жөніндегі талдау. Мультимодальдық тасымалдарды шетелдерде дамыту модельдерін сипаттау (бенчмарк-талдау), мультимодальдық тасымалдарды дамыту жөнінде ұсынымдар әзірлеу	2007 жыл	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ҚР ККМ	Республикалық бюджет *
2. Энергетика						
2.1	Қазақстан Республикасында отын жинамалар өндірісін дамытудың орындылығын зерттеу	Қызмет бабында пайдалану үшін	2008 жыл	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	Қ Р ЭМРМ	Республикалық бюджет *
2.2	Ядролық реакторларды жеткізушілердің жаһандық нарығын зерттеу	Қызмет бабында пайдалану үшін	2007 жыл	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	Қ Р ЭМРМ	Республикалық бюджет *
2.3	Уран-бериллий ядролық отынын жасаудың орындылығын зерттеу	Уран-бериллий ядролық отынына ішкі және өңірлік сұранысты талдау. Қазақстан Республикасында уран-бериллий ядролық отын өндірісін құрудың өндірістік мүмкіндіктерін бағалау. Уран-бериллий ядролық отынын жасау саласында ұсынымдар әзірлеу	2007-2008 жылдар	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	Қ Р ЭМРМ	Республикалық бюджет *
		Өзіндік тұтынды, қуаттар мен электр-энергиясының экспорттық және транзиттік қайта ағындарын қамтамасыз ету үшін Қазақстан-				

2.4	Өзіндік тұтынуды, Еуразия энергетикалық кеңістігін кұрудың экспорттық және транзиттік қайта ағындарын қамтамасыз ету үшін Қазақстанның электр-энергетикалық жүйесінің орнықтылығын зерттеу	ның электр желілерінің мүмкіндігін айқындау. Электр энергиясын таратудың электр беріліс желілерінің (бұдан әрі - ЭБЖ) жаңа кұрас-тырмаларын, технологияларын, жабдықтарын, тәсілдерін пайдалануды ескере отырып, Қазақстан тұтынушыларын шектеусіз электрмен сенімді жабдықтау үшін электр желілерін салудың негіздемесі. Ұсынымдар әзірлеу	2007-2008 жылдар	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	Қ Р ЭМРМ	Республикалық бюджет *
2.5	Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу технологияларын зерттеу	Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеудің қазіргі заманғы технологияларын зерттеу. Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеудің оңтайлы технологияларын айқындау	2007 жыл	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	Қ Р ЭМРМ	Республикалық бюджет *
3. Ауыл шаруашылығы						
3.1	Иран Ислам Республикасымен (бұдан әрі - ИИР) астық бойынша алмасу операцияларын (өзара алмастыру) жүргізу мүмкіндіктерін зерделеу	Астық бойынша алмасу операцияларын жүргізу тетіктерін әзірлеу	2007 жыл	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ҚР АШМ	Республикалық бюджет *
	Ет және оны қайта өңдеу	Ет және ет өнімдерін тұтынушылардың ішкі және сыртқы нарықтардағы				

3.2	<p>өнімдерінің ішкі және сыртқы нарығын дамытудың әлеуеті мен перспективасын бағалау әрі етті қайта өңдеу өнеркәсіп кәсіпорында-рының бәсекеге қабілеттілігін арттыру</p>	<p>сұранысы мен талаптарын талдау. Етті қайта өңдеу өнеркәсіп кәсіпорындарының ішкі және сыртқы нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігін және бәсекелік басымдықтарын зерттеу. Қазақстан Республикасының өнеркәсібін стратегиялық дамыту тұжырымдамасын әзірлеу</p>	2007 жыл	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ҚР АШМ	Республикалық бюджет *
3.3	<p>Сүт және сүт өнімдерінің ішкі және сыртқы нарығын дамытудың әлеуеті мен перспективасын бағалау және сүтті қайта өңдеу өнеркәсібі кәсіпорында-рының бәсекеге қабілеттілігін арттыру</p>	<p>Сүт және сүт өнімдерін тұтынушылардың ішкі және сыртқы нарықтардағы сұранысы мен талаптарын талдау. Сүт өнеркәсібі кәсіпорындарының ішкі және сыртқы нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігін және бәсекелік басымдықтарын зерттеу. Қазақстан Республикасының сүт өнеркәсібін стратегиялық дамыту саласындағы тұжырымдамасын әзірлеу</p>	2007 жыл	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ҚР АШМ	Республикалық бюджет *
3.4	<p>Жеміс-көкөніс өнімдерінің ішкі және сыртқы нарығын дамытудың әлеуеті мен перспективасын бағалау және жеміс-</p>	<p>Жеміс-көкөніс өнімдерін тұтынушылардың ішкі және сыртқы нарықтардағы сұранысы мен талаптарын талдау. Жемістер мен көкөністерді қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындардың бәсекеге қабілетті-</p>		Қазақстан Республикасының	ҚР АШМ	Республикалық

	көкөніс қайта өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру	лігін және бәсекелік басымдықтарын зерттеу. Қазақстан Республикасының жеміс-көкөніс өнеркәсібін стратегиялық дамыту саласындағы тұжырымдамасын әзірлеу	2007 жыл	Үкіметіне есеп		бюджет *
3.5	Өсімдік майының ішкі және сыртқы нарығын дамытудың әлеуеті мен перспективасын бағалау және оны өндіру жөніндегі кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру	Өсімдік майын тұтынушылардың ішкі және сыртқы нарықтардағы сұранысы мен талаптарын талдау. Өсімдік майын өндіру жөніндегі кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін және бәсекелік басымдықтарын зерттеу. Қазақстан Республикасында өсімдік майын өндіру жөніндегі өнеркәсіпті стратегиялық дамыту саласында ұсынымдар әзірлеу	2007 жыл	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ҚР АШМ	Республикалық бюджет *
3.6	Қазақстанда тері саласын дамытудың ағымдағы жайкүйі мен	Тері өнімдерінің әлемдік және қазақстандық нарықтарын дамытудың жай-күйін зерделеу. Тері өнімдерін негізгі өндірушілердің жай-күйін талдау (шикізат базасы, технологиялар, проблемалар, өнімнің сапасы, бәсекеге қабілеттілік). Әлемдік сұранысты дамыту үрдісін және ішкі және экспорттық нарықтарының әр	2007 жыл	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ҚР АШМ	Республикалық бюджет *

	перспектива-сын талдау	түрлі сегментте-рі қажеттілігін ескере отырып, жоғары қосылған құны бар түпкі-лікті өнімге шыға отырып, теріні терең қайта өңдеу аясында бәсекеге қабілетті өнді-рістерді дамыту саласында ұсы-нымдар әзірлеу				
4. Metallургия						
4.1	Баяу балқитын сирек метал-дардан жасал-ған қорытпа-лар, ұнтақ-тар, компо-зиттер негі-зінде жоғары технологиялық өнімдерге өңірлік және жаһандық сұ-ранысты зерт-теу	Баяу балқитын сирек металдар-дан жасалған қорытпалар, ұн-тақтар, компо-зиттер негізінде жаңа жоғары технологиялы өнімдердің не-ғұрлым перспек-тивалық түрлері мен коммерциялық әлеуетін баға-лау . Жоғары техноло-гиялық өнімдерге өңірлік және жаһандық нарық-тарды (елді, саланы, кәсіп-орынды) айқын-дау . Қазақстан Республикасында-ғы баяу балқитын сирек металдар-дан жасалған қорытпалар, ұн-тақтар, компо-зиттер негізін-де жаңа жоғары технологиялық өнім өндірісін дамыту мүмкін-дігі мен тартым-дылығын бағалау	2007 жыл	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	Қ Р ЭМРМ	Респуб-ликалық бюджет *
		Жаңа жоғары тех-нологиялық өнім-нің неғұрлым				



4.2	Уранның гексафторидіне, фреондарды қоса алғанда органикалық емес және органикалық фторидтерге өңірлік және жаһандық сұранысты зерттеу	перспективалық түрлері мен коммерциялық әлеуетін бағалау. Өңірлік және жаһандық нарықтардың жоғары технологиялық өнімге қажеттілігін айқындау (елдер, салалар, кәсіпорындар). Қазақстан Республикасында уранның гексафториді өндірісінің даму мүмкіндіктері мен тартымдылығын бағалау	2007 жыл	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	Қ Р ЭМРМ	Республикалық бюджет *
5. Құрылыс материалдары						
5.1	Қазақстан Республикасында құрылыс металл құрастырмалары өндірісінің даму перспек-	Қазақстан Республикасының, ТМД елдерінің және Шығыс Еуропаның құрылыс металл құрастырмаларға қажеттілігін айқындау: әртүрлі маркалардың жергілікті және өңірлік нарықтарының көлемдерін айқындау (іс жүзіндегі және 2015 жылға); құрылыс металл құрастырмалары өндірісінің даму үрдістерін талдау; өнеркәсіптің әртүрлі салаларының қамтамасыз етілу деңгейі мен сұранысты қанағаттандыру дәрежесін айқындау; сұраныс пен ұсыныстардың	2007 жыл	Қазақстан Республикасының	ҚР ИСМ	Республикалық бюджет *

	тиваларын зерттеу	<p>қолда бар және болжанған үрдістеріне талдау жүргізу және айқындау (жаһандық және өңірлік нарықтарда); өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторларын айқындау; Қазақстанда қазіргі заманғы өндірістің дамуы үшін қажетті шарттар тізбесін айқындау (шикізатпен қамтамасыз етілуі, техникалық-технологиялық базис және т. б. ); отандық өндірістің перспективалық даму бағыттарын айқындау</p>		Үкіметіне есеп		
5.2	Қабырғалық құрылыс материалдарының өндірісін дамытудың перспективалық бағыттарын талдау	<p>Қабырғалық құрылыс материалдары әр алуан түрлерінің қажеттіліктері ішкі нарығының сыйымдылығын зерттеу, оның ішінде: қызыл құрылыс кірпіші, ақ селикаттық кірпіш, газ-және қож блоктары, ұлу тас, қабырға аралық және төбе панельдері; Қазақстанда қабырғалық құрылыс материалдарын шығару жөніндегі өндірістердің болуы; осы өндірістердің даму перспективалары; қабырғалық құ-</p>	2007 жыл	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ҚР ИСМ	Республикалық

		рылыс материалдарын шығару жөніндегі өндірістерді дамытудың перспективалық бағыттары анықтау; қабырғалық құрылыс материалдарын шығару жөніндегі перспективалық өндірістерді дамыту үшін қажетті шикізаттың болуы				бюджет *
5.3	Цементтің әртүрлі маркаларына ішкі және өңірлік сұранысты зерттеу	Ел өңірлерінің бөлінісінде цементтің түрлі маркаларына тұтынушылардың сұранысы мен талаптарын зерделеу. Әртүрлі маркалар бөлінісінде цементке өңірлік сұранысты зерделеу. Өндірістік әлеуетті бағалау. Қазақстан Республикасындағы цемент өндірісін дамыту саласында ұсынымдар әзірлеу	2007 жыл	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ҚР ИСМ	Республикалық бюджет *
6. Шикізаттық емес тауарлардың экспорты						
	Шикізаттық емес тауарлар мен қызметтер экспортының	"Шикізаттық емес тауарлар" санатына кіретін тауарлар тізбесін айқындау. Қызметтер экспортын жүзеге асыратын қазақстандық кәсіпорындар мен ұйымдардың тізбесін айқындау. Шикізаттық емес тауарлар мен қызметтер нарығының экспорттық				

6.1	<p>даму әлеуетін, сондай-ақ қазақстандық шикізаттық емес тауарлар мен қызметтерді әлеуетті өткізу нарықтарын айқындау және қазақстандық кәсіпкерлердің шет елге инвестицияларын жүзеге асыру</p>	<p>әлеуетін айқындау . Экспортталатын шикізаттық емес тауарлар мен қызметтердің өткізу нарықтарын зерттеу. Қазақстандық инвестицияларға қажеттіліктер туралы ТМД елдері мен дамушы елдер бойынша басым салаларды айқындау . Инвестициялау үшін жобалар тізбесін айқындау . Сыртқы нарықтарға шығу кезінде шикізаттық емес тауарлар экспортын мемлекеттік қолдау жөніндегі ұсынымдар әзірлеу</p>	2007 жыл	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ҚР ИСМ	Республикалық бюджет *
7. Жер қойнауын пайдалану						
7.1	<p>Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану нарығында сервистік қызметтерді дамыту перспективаларын талдау</p>	<p>Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану нарығында сервистік қызметтерді көрсетудің ағымдағы жай-күйі мен проблемаларын бағалау . Қазақстанда жер қойнауын пайдаланудың сервистік нарығында озық технологиялар мен жарақтарды игеру жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу</p>	2008 жыл	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ҚР ИСМ	Республикалық бюджет *
8. Шағын кәсіпкерлік						
		<p>ДСҰ-ға қосылған елдердегі шағын кәсіпкерлікті дамыту тәжірибе-</p>				

8.1	<p>Жаһандануға жалпы дүние-жүзілік үрдіс, Қазақстанның ДСҰ-ға кіру жағдайында шағын кәсіпкерлікті дамытуды мемлекеттік қолдау тетіктерін айқындау</p>	<p>сін талдау. ДСҰ-ға кіруге байланысты шағын кәсіпкерлік секторына әсер етуі мүмкін институционалдық өзгерістер сипаттамасы. Әлеуетті қатерлердің азаюына және ашылатын мүмкіндіктерді іске асыруға ықпал ететін шағын кәсіпкерліктің қолда бар ресурстарын бағалау. ДСҰ-ға қосылу кезіндегі шағын кәсіпкерлікті қолдау нысандары мен әдістерінің тиімділігін салыстырмалы талдау және Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі кезеңінде және кіргеннен кейінгі Қазақстандағы шағын бизнесті мемлекеттік қолдаудың перспективалық бағыттарын анықтау. ДСҰ-ға кіруге байланысты шағын бизнесті қолдаудың қолданыстағы жүйесін өзгерту жөнінде мемлекеттің ресурстарын бағалау, саясаттың, қолдаудың нысандары мен әдістерінің жаңа бағыттарын іске асыру қатерлерін анықтау және сипаттау</p>	2007 жыл	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ҚР ИСМ	Республикалық бюджет *
-----	---	---	----------	--	--------	------------------------

9. Инновациялық қызмет

9.1	Қазақстандағы жаңа технологияларды коммерцияландырудың шетелдік тәжірибесін және проблемаларын зерттеу	Пайдалы ақпарат пен статистикалық деректерді жинау. Ғылыми-техникалық әзірлемелерді коммерцияландыру жөніндегі қызметтің әр түрлі аспектілері бойынша ұсынымдарды дайындау. Коммерцияландыру үдерісінің кезен-кезеңдік модельдері мен тетіктерін әзірлеу	2008 жыл	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ҚР ИСМ	Республикалық бюджет *
9.2	Экономика салаларын технологиялық зерттеу	Бюджеттік емес қаражатты және жеке бастамаларды (микроэкономикалық міндетті) тарту мақсатында инвестициялаудың перспективалық нүктелерін айқындау және өнімнің бәсекеге қабілеттілігін және тұтастай алғанда ел экономикасы салаларын арттыру жөніндегі ұсыныстарды дайындау. Инновациялық технологияларды тарта отырып, толық технологиялық циклдың бірыңғай тізбегі ретінде - салалардың технологиялық даму тетігін айқындау	2007 жыл	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ҚР ИСМ	Республикалық бюджет *
		Ғылыми сектор мен компаниялар арасында, сондай-ақ өнеркәсіптік сектор				

9.3	Қазақстандағы инновациялық технологиялар нарығына зерттеу жүргізу	ішінде технологияларды беру/трансферттеу, жаңа ғылымды қажетсінетін технологияларды әзірлеуге және енгізуге кооперацияны жүзеге асыру үшін серіктестіктерді іздеу. Халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастықты тарту және оған жәрдемдесу. Қазақстанда да, сол сияқты шетелдерде де инновациялық инфрақұрылым кәсіпорындарын және басқа да ұйымдарды, технологиялық әріптестер мен клиенттерді тарту	2008 жыл	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ҚР ИСМ	Республикалық бюджет *
9.4	Қазақстанда инжинирингтік және консультативтік қызметтер саласындағы халықаралық стандарттарды	Инжинирингтік қызметтер әдістемесін дамыту саласында белсенді қызмет жүргізу. Салалық заң жобаларына бастамашылық жасау, заңнама деңгейінде FIDIC стандарттары мен талаптарын енгізу. Шетелдік резидент компанияларда да, сол сияқты отандық инжинирингтік фирмаларда да үйлесімді нарықтық ұстанымы арқылы Қазақстан Республикасында және басқа елдерде инженерлік техникалық қыз-	2008 жыл	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ҚР ИСМ	Республикалық

	талдау және оларды жөніндегі шараларды әзірлеу	меттегі компанияларға жәрдемдесу. Инжиниринг саласындағы ғылыми-техникалық ақпаратты және озық тәжірибені зерттеу, қорыту және тарату. Тікелей байланыстар орнату үшін әлеуетті шетелдік серіктестіктерді іздеу және зерделеу әрі қазақстандық компанияларды инжинирингтік қызметтердің сыртқы нарығына шығару		қасының Үкіметіне есеп		бюджет *
10. Машина жасау						
10.1	Қашықтан басқарылатын ұшу аппараттарына (бұдан әрі - ҚБҰА) қажеттілікті зерттеу	Ішкі және сыртқы нарықтардағы ҚБҰА-ға қажеттілікті талдау. ҚБҰА-ның типті мөлшерлерін анықтау, олардың мақсаттары мен орындайтын міндеттерін айқындау	2007 жыл	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ҚР ИСМ	Республикалық бюджет *
10.2	Теңіз түбінің бедері және жергілікті су асты объектілерін гидроакустикалық және бейнелі зерттеу үшін Қазақстан Республикасының су асты техникасына және технологиясына қажеттілігін зерттеу	Теңіз түбінің бедері мен жергілікті су асты объектілерін гидроакустикалық және бейнелі зерттеу жөніндегі қызметтердегі қажеттілік бойынша номенклатурасын анықтау. Су асты техникасы мен технологиясын жасаудың орындылығы мен жолдарын айқындау	2008 жыл	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ҚР ИСМ	Республикалық бюджет *
		Байланыстың жаңа жүйелеріне Қазақстан Рес-				



10.3	Байланыстың аса жаңа жүйелеріне отандық құрылымдардың қажеттілігін зерттеу	публикасы әртүрлі құрылымдарының қажеттілігін айқындау (әртүрлі атаулар бойынша нарықтың әлеуетті сыйымдылығы). Ішкі нарықтағы шетелдік өндірушілердің ұсынысын талдау (номенклатура, техникалық және бағалық өлшемдері)	2007 жыл	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ҚР ИСМ	Республикалық бюджет *
10.4	Әлемдік кеме жасауды зерттеу және отандық кеме жасауды дамытудың перспективаларын талдау	Қажетті кемелердің номенклатурасын анықтау, тиісті жобаларды әзірлеу үшін олардың мақсаты мен техникалық сипаттамаларын анықтау. Оңтайлы жобалық шешімдерді әзірлеу, әртүрлі су сыйымдылықтағы кемелерді жасаудың орындылығын бағалау, талдау және негіздеу	2008 жыл	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ҚР ИСМ	Республикалық бюджет *
11. Өзгелері						
11.1	Қазақстанның ірі елді мекендерінде жалға берілетін тұрғын үй нарығының әлеуетін бағалау	Жалға берілетін тұрғын үй нарығына сұранысты зерделеу. Жалға берілетін тұрғын үй нарығындағы ұсынысты зерделеу. Жалға берілетін тұрғын үй нарығындағы сұранысты қанағаттандыру проблемасын анықтау	2007 жыл	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ҚР ИСМ	Республикалық бюджет *
	Ауыл шаруашылығы және	Ауыл шаруашылығы және тамақ өнімдерін өндіру саласындағы биотехнологиялық ( трансгендікті				

11.2	тамақ өнімдерін өндіру саласындағы биотехнологиялық (трансгендікті қоспағанда) өнім нарығының әлеуетін айқындау	қоспағанда) өнім нарығының әлеуетін айқындау. Ауыл шаруашылығында және тамақ өнімдерін өндіруде пайдаланылатын биотехнологиялық өнімді өндіру саласындағы өндірістік мүмкіндіктерді бағалау	2007 жыл	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ҚР ИСМ	Республикалық бюджет *
------	---	---	----------	--	--------	------------------------

**Е с к е р т п е :**

- \* - Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізу болжанады
- ҚР ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
- ҚР АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
- ҚР ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
- ҚР ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
- ТМД - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
- ДСҰ - Дүниежүзілік Сауда Ұйымы